



Бекітемін:
«Аяжан» жекеменшік балабақшасы
директоры *Джарылкасымова А.О.* - Джарылкасымова А.О

«Аяжан» жекеменшік балабақшасы «Біртұтас тәрбие» «Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту; табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:

Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері;

мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу;

ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері;

туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары бар.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:

отбасындағы, балабақшадағы, қоғамдық орындардағы қарапайым мінез-құлық нормаларын білу;
басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табысуға дайын екендігін таныту;
ойы мен сезімдерін білдіре алу;

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:

жауапкершіліктің қарапайым дағдыларын меңгеру;
уәделерді орындай білу.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:

жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелері жөнінде қарапайым түсініктердің болуы;
үлкендерді құрметтей білу;
үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда дұрыс мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын қалыптастыру.

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:

үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білу;
 үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларының болуы;
 жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу;
 жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:

шығармашылық қиял мен елестетуге негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту;
 сурет салу, мүсіндеу, құрастыру дағдыларының болуы;
 жаңа нәрсе жасау үшін қалыптасқан біліктер мен дағдыларды қолдана білу.

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
Ұйымдастыру және әдістемелік сүйемелдеу жұмыстары				
1.	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының кешенді жоспарын дайындау, ведомствоаралық өзара әрекеттесу алгоритмін жасақтау және бекіту.	Өңірлік жоспар	Әдіскер	Тамыз 2024 жыл
2.	Білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы құндылыққа негізделген білім мен тәрбие беруді жоспарлаудың біртұтас тәсілін енгізу негізінде жергілікті мүдделі орган өкілдерімен кездесу.	Іс-шаралар	Балабақша ұжымы	Тұрақты
3.	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының	Ақпарат	Әдіскер	12-16.08.2024ж.

	жаңартылған мазмұны және оны енгізу алгоритмі бойынша оқыту семинарын ұйымдастыру.			
4.	Білім басқармасының сайтына кешенді жоспарды орналастырып, педагогтер қауымын ақпараттандыру.	Ақпарат	Әдіскер	Қыркүйек 2025 жыл
Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары үшін				
Күнделікті атқарылатын іс-шара				
Апта дәйексөзі: Ежелден ел тілегі – ер тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тілегі! (Б.Момышұлы)				
№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
1	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі	Күнделікті
2	«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге,	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған, шығармашылық, дербес іс-әрекеті	тәрбиешілер	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес

	кызыгушылгын артыру			
Апта сайын				
1	«Апта дәйексөздері» - акпараттык стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру, мнемo кестелерде ойнату	Дәйексөздерді акпараттык стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру	Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері	Жыл бойы
2	«Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті Дидактикалық, сюжетті-рөлді ойындар, әңгімелесу, көркем шығармалар оқу	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы				
1	1 қыркүйек - Білім күні «Балабақша - жайлы мекен»	Балабақшада экскурсия өткізу	Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері, педагогтері	1- апта
Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы				
1	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Жас метеоролог» экологиялық бағытта	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілежобамен жұмысрі	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Бестемше: «Бәріміз бірге мықтымыз» (мектепке дейінгі ұйымның педагогтері арасында)	Жарыс ойыны	Мектепке дейінгі ұйымның дене шынықтыру нұсқаушысы	1-апта

3	Менің елім - Мәңгілік ел!	Әдістемелік ұсынымдар	Мектепке дейінгі ұйымның әдскері	3-апта
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы				
1	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Жарқыл мен ғажайып көлік түрлері»	Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Қоғамдық мүлікті қорға»	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Күні бойы
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы				
1	«Республикам – мақтанышым!»	Ертеңгілік	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері	1-апта
Қаңтар – заң және тәртіп айы				
1	«Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбең көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	1-апта
2	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы <u>«Біз - экологпыз»</u>	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	3-апта
Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы				
1	«Smart bala» жобасы «Мен – зерттеушімін» -	Танымдық, эксперименталдық іс-	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	1-апта

	өнертапқыштыққа алғашқы кадам	әрекет		
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы				
1	«Ізгіліктің бір ізі – алғыс» (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен)	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері	1-апта
2	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Еңбектің наны тәтті»	Ересектердің еңбегімен таныстыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері	2-апта
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы				
1	«Балалар кітапханасы» жобасы «Шын жүректен кітап сыйла» - Халықаралық балалар кітабы күні	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар	1-апта
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы				
1	«Достығымыз жарасқан»	Балалар суретінің көрмесі	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	1-апта
Маусым – тәуелсіздік және отаншылдық айы				
1	1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні	Мерекелік іс -шара	Мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшісі, тәрбиешілері	Маусымның 1 аптасы